**Атбасар қаласы «№8жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің**

**«Бастауыш-білім бастауы» бастауыш сыныптар апталығының қорытынды есебі..**

**Тақырыбы:** «Бастауыш-білім бастауы»

**Апталықтың мақсаты:** Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру,белсенділік және жан- жақты көз қарасын қалыптастыру.Әр баланың қабілетін дамыта отырып,одан әрі дамыту.

Бастауыш сынып апталығы 19-23-ші ақпан аралығында болып өтті.Апталық құрылмас бұрын апталықтың жоспары құрылып,әдістемелік бірлестігінің отырысында талқыланды.

**Апталықта мынадай жоспарда құрылды**:

1 Апталықтың ашылуы

2 Ашық сабақтар

3 Сыныптан тыс іс-шаралар

4 Шебер қолдар көрмесі

5 Апталықтың жабылуы

2024 жылдың 19-23 ақпан аралығында бастауыш сыныптарының "Бастауыш-білім бастауы"атты апталығының жоспары аясында апталықтың ашылуын бастауыш сынып мұғалімі Абдрахманова Айнур Сабыровна онлайн форматта өттізді.Апталықтың ашылуына 1 А және Ә оқушылары өз өлеңдерін арнаса, апалы-сіңлі Байжандар "Цыган" биін биледі. Бастауыш сынып ұстаздары ән жырларын арнады.








**Құрылған жоспарға сай мұғалімдердің ашық сабақтарына тоқталсақ:**

Апталықтың бірінші күні 19 ақпанда 3«А» сыныбында Хабай Маржангул қазақ тілі пәнінен ашық сабақ Zoom платформасы арқылы сабақ өткізілді.
Бүгін «Бастауыш- білім бастауы " атты бастауыш сыныптарының апталығы аясында жоспарға сай 3«А» сыныбында қазақ тілі пәнінен «Болымды және болымсыз етістік»тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ «Күлкі терапиясы» арқылы өткен сабаққа бағыттадым. «Қызығушылықты ояту» отырып «Кездейсоқ дөгелек», «Жұбыңды тап»әдістері арқылы өткенді қайталады. «Мағынаны тану»кезеңінде «Аймектеп» сайтынан сабаққа қатысты бейне үзік көрсетілді. Ауызша мысалдар келтіріліп, жаттығу орындалды. «Ой толғаныс»кезеңінде оқушылар бір-біріне ақыл , кеңес берді.Айтылған ақылдардағы етістіктерде болымды, болымсыз етістікті тапты. Сабақ қызықты өтті.










Апталықтың екінші күні 20 ақпанда «Гугл Меед»платформасы арқылы 2 «А» сыныбында Асанбаев Сейфулла Кайржанович математика пәнінен ашық сабақ өткізді.Сабақтың тақырыбы:Қарапайым теңдеулер.Теңсіздіктер .  Сабақтың өту барысында оқушыға қойылған мақсаты талапқа сай ойластырылған, сабақ өткен сабақпен байланыстырылған, сұрақтар қою әдісі қолданылды. Оқушылардың қызығушылықтарын ояту мақсатында "Қал қалай?","Ойлан, шеш,түсіндір "әдістері арқылы сабақ қызықты өтті. Әртүрлі түсте жасалған қимыл-қозғалысты бейнелейтін суреттерді көрсету арқылы, оқушыларды қызықтыра білді,ұтымды пайдаланды. Сабақ тиянақты көрнекіліктпен,техникалық құралдар қолдану арқылы жүргізілді





Апталықтың үшінші күні 21 ақпанда 4 «А» сыныбында Кемерова Умит Есенамановнам «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» тақырыбында қашықтықтан сыныптан тыс іс-шара өткізді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" атты тақырыбында сыныптан тыс шара өтті. Сайыс 3 кезеңнен болды. 1-ші кезең "Бәйге", 2-ші кезең " Жұмбақ", 3-ші кезең " Ойлан, тап!" логикалық тапсырмалар алынды. Қорыта келгенде жеңіске жеткен: Альжанова Надина 1-ші орын, 2-ші орын Талғат Нұрым, 3-ші орынға Акшалова Амира мен Қуанышұлы Дарын иеленді. Оқушылар сайысқа өте белсенді қатысып, көңілдерінен шықты





Апталықтың төртінші күні 22-ші ақпанда 4 «Ә» сыныбында жаратылыстану пәнінен «Қара металл деген не?» тақырыбында Бейсебаева Гульзада Еселовна қашықтан «Гугл Меед» платформасымен ашық сабақ өткізді.Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолданды.Атап айтсам: Миға шабуылға «Мен көп білемін» әдісімен балаларды қызықтыра білді.«Кім жылдам?», «Ойлан,тап» әдіс-тәсілдері қолданды.Әр тапсырманы оқушылар қызығушылықпен орындады.Оқушылардың ойлау деңгейінің дамуына платформаларды ұтымды пайдалана білді.Қашықтықтан болса да оқушылар сабаққа өте белсенді қатысты.Мұғалім оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтарын арттыра білді.Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану арқылы сабақ мақсатына жетті деп ойлаймын.










Апталықтың бесінші күні 23-ші ақпанында «Білімді ел-Мәңгілік ел» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Тилеген Алтынай апталықтың жабылуын қашықтықтан «Гугл Меед»платформасы арқылы Апталыққа қойылған мақсаттарға сай жоспар құрылып,сол жоспар бойынша ашық сабақтар мен іс-шаралар өтті. Жоспар бойынша апталықтың жабылуын «Білімді ел-Мәңгілік ел»тақырыбында қашықтан апталықтың жабылуы болды.Апталықтың жабылуына 1 «Ә» сынып оқушысы Байжан Дәрия,2 «А» сынып оқушысы Ербол Асылым, 3 «А» сынып оқушысы Аблақ Інжу өз өлең шумақтарын

онлайн түрінде жеткізді жіберді.4 «А» сынып оқушысы Темиргалиева Мадина «Біз бақытты баламыз» атты әнді онлайн түрінде ән шырқап,жеткізді.












23.02 күні апталықтың жабылуы қашықтықтан болды. Ауа райының қолайсыздығына байланысты апталықтың ашық сабақтар,іс-шаралар,апталықтың ашылуы мен жабылуы «Гугл Меед» платформасы арқылы өтті. Оқушылар өлеңдер мен би және әндерін қашықтықтан арнады. Бұл апталықта бастауыш сынып мұғалімдері оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен колдана білді, оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттырды, өз шығармашылықтарын шыңдап, педагогикалық шеберліктерін көрсете білді. Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шыңдады. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ерінбей еткен еңбегі, өзара ынтымақтастықпен жұмыс істеуі арқасында келген жетістік деп ойлаймын.

Бастауыш сынып бірлестік әдістемесінің жетекшісі: А.Абдрахманова